

Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидалары туралы

Күші жойған

Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2007 жылғы 23 қарашада нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 478 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 410/54-IV Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2010.12.13 N 410/54-IV Шешімімен.

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты

ШЕШТІ:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараныз) Шешімімен.

1. Қоса берілген Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидасы бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 142/18-III "Азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек көрсету қағидалары туралы" шешімінің (Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылдың 1 шілдесінде N 394 тіркелген, N 90 "Астана хабары" газетінде 2005 жылғы 5 шілдеде және N 103-104 "Вечерняя Астана" газетінде 2005 жылғы 9 шілдеде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы

Астана қаласы мәслихатының

хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

**"Астана қаласының Жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
департаменті" мемлекеттік**

мекемесінің директоры (ЖҚЖӘБД)

Астана қаласы мәслихатының
2007 жылғы 17 қазандағы
N 16/4-IV шешімімен бекітілген

**Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарына әлеуметтік көмек көрсету
ҚАҒИДАСЫ**

Ескерту. Қағида мәтіндегі "Департамент", "Департаментпен", "Департаментіне" деген сөздер "Басқармасы", "Басқармамен", "Басқармасына" деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы мәслихатының 2008.07.09 N 116/18-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

Осы Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, Ақмола қалалық мәслихатының 1996 жылғы 18 қыркүйектегі "Астана қаласының құрметті азаматы" атағы туралы", "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III шешіміне сәйкес дайындалды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) қалалық бағыттағы жолаушылар көлігінде жол ақысын төлеуден босату түрінде және ақшалай төлемдер түрінде тегін қызметтерді көрсету түрінде ұсынылады.

Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мөлшері және түрлері осы Қағидамен белгіленеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

2. Әлеуметтік көмек Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға ұсынылады.

3. Әлеуметтік көмектің қаржыландыру көзі Астана қаласының бюджеті болып табылады.

4. Әлеуметтік көмек "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Әкімгер) әкімгер болып табылатын "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер" бюджеттік бағдарламасына сәйкес (бұдан әрі - Бағдарлама) және тиісті қаржылық жылға қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражаттар шегінде ұсынылады.

5. Әкімгер мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес Бағдарламаны іске асыру мақсатында Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қызметті жеткізушілерді (бұдан әрі - Жеткізушілер) анықтайды, тараптардың міндеттері мен осы міндеттерді орындау шарттары айтылған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар жасасады (осы Қағиданың 2 бөлімінің 3-тарауында көрсетілген қызметтерден басқа).

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Астана қаласының қалалық филиалы (бұдан әрі - МЗТО) қажеттілік бойынша Әкімгерге осы Қағидада көрсетілген санаттарға жататын азаматтар туралы мәліметтерді, сондай-ақ ай сайын МЗТО деректер қорында тіркелген, жаңадан тағайындалған және келген азаматтар туралы мәліметтерді ұсынады (электрондық және қағаздық жеткізушілерде).

7. Әлеуметтік көмек алушы Астана қаласынан тіркеуден шыққан немесе қайтыс болған жағдайда осы айғақтың белгілі болған айынан бастап Әлеуметтік көмек көрсету тоқтатылады.

8. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) Қалалық ардагерлер кеңесі - "Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы" қоғамдық бірлестігінің қалалық филиалы;

2) еңбек ардагерлері - кәсіпорындар мен ұйымдардан көмек алмайтын зейнеткерлік жастағы адамдар;

3) еңбегі сіңген соғыс және еңбек ардагерлері - қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын соғыс және еңбек ардагерлері;

4) үнемі жұмыс істейтін комиссия мүшелері - Қалалық ардагерлер кеңесімен бірігіп, соғыс және еңбек ардагерлерімен, зейнеткерлермен жұмыс жүргізетін зейнеткерлік жастағы адамдар;

5) соғыс ардагерлері - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;

6) тұлдыр жетімдер - бір немесе екі ата-анасынан айырылған тұлғалар;

6-1) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар - ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған балалар;

7) бала жасынан мүгедектер - 18 жасқа толғанға дейін тіршілік-тынысының шектелуіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден ағза қызметтері тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам;

8) көп балалы отбасы балалары - бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде жалпы орта білім беретін, жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орнын бітіретін уақытқа дейін, бірақ 23 жасқа толмаған көп балалы отбасы балалары;

9) балалар үйі түлектері - қамқорлық және қорғаншылыққа алу органдарының шешімі бойынша балалар үйлерінде қамқорлыққа алынғандар;

10) оқуға ақшалай төлем алушы - Астана қаласының жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін ақшалай төлем ұсынылған осы тармақтың

б)-9) тармақшаларында көрсетілген санаттағы адам;

11) комиссия - қаланың жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін жалпы білім беретін мектептер түлектеріне ақшалай төлемдерді тағайындау бойынша әкімдікпен құрылатын және қала мәслихатымен бекітілетін қалалық
к о м и с с и я ;

12) қалалық бағыттағы жолаушылар көлігі - көлік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын Астана қаласының жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдау көлігі;

13) мұқтаж зейнеткерлер - жалғыз тұратын зейнеткерлер, сонымен қатар жасы бойынша ең төмен мөлшерде зейнетақы және мемлекеттік әлеуметтік
ж ә р д е м а қ ы а л у ш ы л а р ғ а ;

14) бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде жалпы білім беретін, жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орнын бітіретін уақытқа дейін, бірақ әрі дегенде 23 жасқа толғанға дейін көп балалы аналар - аналар.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2008.07.09 N 116/18-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз),

2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз),
2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Шешімдерімен.

2 бөлім. Әлеуметтік көмек түрінде көрсетілетін тегін қызметтер 1-тарау. Жалпы ережелер

9. Осы бөлім Әлеуметтік көмектің келесі тегін қызмет түрлерін көрсету
т ә р т і б і н а н ы қ т а й д ы :

- 1) дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз ету;
- 2) алынып тасталды - 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.
- 3) мерзімдік басылымдарға жазылу;
- 4) мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек;
- 5) тістерді протездеу (бағалы металдардан жасалған протездерден басқа);
- 6) шипажайлық-курорттық емделу;
- 7) Астана қаласының жүріп-тұруы қиын мүгедектерін тасымалдау.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының
2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз);
2009.09.18 N 248/38-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.21 №
345/46-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

10. Әкімгер Жеткізушілер қызметтерін төлеуді көрсетілген қызметтердің
ұсынылған тізімдемелері мен атқарылған жұмыстардың актілері және МЗТО
деректер базасымен салыстырылған әлеуметтік көмек алушы азаматтар
тізімдерінің негізінде ай сайын келесі айдың 15-не дейін (мерзімдік
басылымдарға жазу қызметтерінен басқа) жүргізеді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының
2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Шешімімен.

11. Қағиданың 9-тармағының 3), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген
Әлеуметтік көмек Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне
к е з е к т е н т ы с б е р і л е д і .

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының
2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Шешімімен.

12. Тегін қызмет түріндегі пайдаланылмаған Әлеуметтік көмектің ақшалай
өтемақысы төленбейді.

2-тарау. Дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік көмек

13. Астана қаласы әкімдігімен тізбесі жыл сайын бекітілетін дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз ету үшін Әлеуметтік көмек амбулаторлық емделгенде азаматтардың келесі санаттарына:

1) "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-8-баптарымен мәртебесі анықталған Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға;

2) Қазақстан Республикасының алдында ерен еңбегі үшін зейнетақы алушы зейнеткерлерге беріледі.

14. Әкімгер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне арналған Орталық клиникалық госпиталіне (бұдан әрі - Клиникалық госпиталь) Қағиданың 13-тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтардың тізімін жыл сайын 3 қаңтарға дейін ұсынады.

15. Қағиданың 13-тармағында көрсетілген санаттарға жататын дәрі-дәрмек құралдарына мұқтаж азаматтар Клиникалық госпитальге бекітілген үлгідегі жеңілдікті рецепттерді алуға хабарласады.

16. Клиникалық госпиталь Әкімгер ұсынған дәрі-дәрмек құралдарының бекітілген тізбесі мен азаматтардың тізіміне сәйкес белгіленген үлгідегі жеңілдікті рецепттерді хабарласуы бойынша беруді жүзеге асырады.

17. Клиникалық госпиталь берген белгіленген үлгідегі жеңілдікті рецепттерге сәйкес дәрі-дәрмек құралдары Жеткізушілердің дәріханалық мекемелерінде жіберіледі.

18. Жеткізушілер ай сайын келесі айдың 5-не дейін Әкімгерге жіберілген дәрі-дәрмек құралдарының тізілімдемесі мен берілген дәрі-дәрмек құралдарының рецепттер түпнұсқаларын ұсынады.

3-тарау. Қалалық бағыттағы жолаушылар көлігінде жол жүруге (таксиден басқа) әлеуметтік көмек

3-тарау алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

4-тарау. Мерзімді басылымдарға жазылуға әлеуметтік көмек

27. Әлеуметтік көмек мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі (жазылушының таңдауы бойынша Астана қаласының) мерзімдік басылымдарға жазылуға (бұдан әрі - Ж а з ы л у) :

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;
- 2) алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

28. Жазылу жарты жыл бойынша және отбасына мерзімдік басылымының тек бір атауына жүргізіледі.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

29. Әкімгер жылына екі рет жазылу кезінде мерзімді басылымдардың атауы көрсетілген жазылушылар тізімін қалыптастыруды жүргізеді.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

30. Әкімгер мерзімді басылымдарға жазылу қызметтері Жеткізушілерімен жазылушылардың мерзімді басылымдарын атаулы мекен-жайына дейін жеткізу талабы көзделген шарт жасасады.

5-тарау. Мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек

31. Мерекелік және айтулы күндерге Әлеуметтік көмек азық-түлік жиынтығы немесе мерекелік түскі астар түрінде хабарласуы бойынша төмендегі санаттар ішінен азаматтарға беріледі:

1 қаңтарда (Жаңа жыл) - он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға, ата-анасынан айрылған және асыраушысынан айрылғандығы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын балаларға (тұлдыр жетімдер) және кедейшілік шегінен төмен немесе тең орташа жандық жиынтық пайдасы бар аз қамтылған отбасыларына (бұдан әрі - аз қамтылған отбасылар);

15 ақпанда (Ауғанстаннан кеңестің шектеулі әскери контингентін әкету күні) - Ауғанстан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне;

8 наурызда (Халықаралық әйелдер күні) - көп балалы аналарға;

22 наурызда (Наурыз мейрамы) - мұқтаж зейнеткерлерге, көп балалы

аналарға және жетім балаларға;

26 сәуірде (Чернобыль атом электростанциясы апатының құрбандарын еске алу күні) - Чернобыль атом электростанциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушы тұлғаларға;

1 мамырда (Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі) - аз қамтылған отбасыларына;

9 мамырда (Жеңіс күні) - Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға;

31 мамырда (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні) - саяси қуғын-сүргін құрбандарына;

6 шілде (Астана күні) - табысы аз отбасыларға;

30 тамыз (Қазақстан Республикасының Конституциясы күні) - табысы аз отбасыларға;

1 қазанда (Қарттар күні) - мұқтаж зейнеткерлерге;

10 қазанда (Мүгедектер күні) - мүгедектерге және он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға;

16 желтоқсанда (Тәуелсіздік күні) - мұқтаж зейнеткерлерге беріледі.

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.01.29 N 187/30-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.11.20 N 279/41-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

32. Мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек көрсету қаланың аудандары бойынша жүзеге асырылады.

33. Әкімгер қала аудандары әкімдерімен (бұдан әрі - Әкімдер) бірге жыл сайын азық-түлік жиынтығының негізгі тізбесін және мерекелік түскі астардың мәзірін, шығын сметасын құрайды, Жеткізушілермен шарт жасасады.

34. Әкімдер мерекелік және айтулы күндерге 15 күн бұрын Қағиданың 31-тармағында көрсетілген мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек алуға үміткер азаматтардың санынан тізімдерін (бұдан әрі - Тізімдер) жасап, нақтылы мекен-жайын көрсетіп, Әкімгерге салыстыру үшін ұсынады.

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

35. Әкімгер азық-түлік жиынтығы түрінде әлеуметтік көмек көрсеткенде мерекелік және айтулы күндерге дейін бес күнтізбелік күннен кешіктірмей Әкімдерге салыстырылған Тізімдерді қайтарады.

36. Әкімдер салыстырылған Тізімдерге сәйкес Жеткізушілерге екі күнде әкелуге қажетті азық-түлік жиынтығы көлеміне тапсырыс береді.

37. Әкімдер бес күнтізбелік күн ішінде азық-түлік жиынтығын беруді, қажет болғанда мекен-жайы бойынша жеткізуді жүзеге асырады.

38. Әкімдер азық-түлік жиынтығын бергеннен кейін үш күн ішінде азаматтардың азық-түлік жиынтығын алғандығы туралы белгісімен Тізімдерді Әкімгерге қайтарады.

39. Мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмекті мерекелік түскі астар түрінде көрсетілгенде Әкімдер мерекелік түскі астар беру орындарына азаматтардың келуін Тізімдерге сәйкес қамтамасыз етеді.

6-тарау. Тістерін протездеуге (бағалы металдардан жасалған протездерден басқа) әлеуметтік көмек

40. Тістерін протездеуге (бағалы металдардан жасалған протездерден басқа) әлеуметтік көмек екі жылда бір рет азаматтардың мына санаттарына:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер және соларға теңестірілген адамдарға ;

2) жасы бойынша зейнеткерлерге ;

3) 1, 2 топ мүгедектеріне ;

4) көп балалы аналарға ұсынылады.

41. Әкімгер Жеткізушілермен шарт жасасқаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде Қағиданың 40-тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтардың тістерін протездеуге тіркеу жүргізетін орындар мен мерзімдер туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты хабардар етеді.

42. Тістерін протездеу (бағалы металдардан жасалған протездерден басқа) әлеуметтік көмегін көрсетуге Қағиданың 40-тармағында көрсетілген азаматтар санатына жататындығын растайтын куәлігі мен жеке куәлігінің түпнұсқалары негіздеме болып саналады.

43. Жеткізушілер ай сайын келесі айдың 10-на дейін көрсетілген қызметтер тізілімдері мен атқарылған жұмыс актілерін Әкімгерге ұсынады.

7-тарау. Шипажайлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек

Ескерту. 2-бөлім 7-тараумен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

43-1. Шипажайлық-курорттық емделуге Әлеуметтік көмек келесі азаматтардың санаттарына беріледі:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектерге;

2) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға

теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарымен мәртебесі анықталған Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген т ұ л ғ а л а р ғ а " .

43-2. 43-1-тармақта көрсетілген азаматтардың шипажайлық-курорттық емделуі Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан мамандандырылған мекемелерде жүзеге асырылады.

43-3. Шипажайлық-курорттық емделуден өту 14 күнтізбелік күннен кем емес мерзімді құрайды.

Шипажайлық-курорттық емделу құқығы жылына бір реттен кем емес беріледі .

43-4. Шипажайлық-курорттық емделу орнына дейінгі және кері қайту жолақысының құнын төлеу алушының жеке қаражаты есебінен жүргізіледі.

43-5. 43-1-тармақта көрсетілген азаматтар Шипажайлық-курорттық емделуге Жолдамаларды алуға Әкімгерге өтінішпен (бұдан әрі - Жолдамалар) хабарласады және төмендегі құжаттарды (түпнұсқалар мен көшірмелерді) ұсынады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;

2) 43-1-тармақта көрсетілген азаматтардың санаттарын растайтын құжаттар.

Қажетті құжаттары бар өтінішті қабылдағаннан кейін өтініш берушіге өтініш берушінің тіркелу нөмірі мен мерзімі көрсетілген жыртылмалы талон беріледі.

43-10-тармақта көрсетілген мерзімде көрсетілген құжаттардан басқа алушы шипажайлық-курорттық картасын ұсынады.

43-6. Әкімгер келіп түскен өтініштерге сәйкес Жеткізуші ұсынған келу кестесіне сәйкес кезек тәртібімен (өтініштерді тіркеу) Жолдамаларды ұсынуға азаматтардың тізімін жасайды.

43-7. Шипажайлық-курорттық емделуден өтініш беруші өз талабы бойынша бас тартқан Жолдама Әкімгерге қайтарылуы және тізімге сәйкес басқа өтініш берушіге берілуі тиіс.

43-8. Жолдама дәлелді себептер бойынша пайдаланылмаған жағдайда, берілген жолдама мүмкіндігінше келу кестесіне сәйкес басқа кезеңнің жолдамасына, бірақ ауыстырылуға тиіс жолдамада көрсетілген келу басталғанға дейін үш күннен кешіктірілмей ауыстырылуы мүмкін.

43-9. Берілген өтініш бойынша шипажайлық-курорттық емделу жолдаманы алуға келу қажеттілігі туралы Әкімгердің жазбаша хабарламалары екі рет пошта бойынша жолданған өтініштер болмаған жағдайда ұсынылмайды.

Ескерту. 43-9-тармақ жаңа редакцияда - 2009.11.20 N 279/41-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

43-10. Өтініш берушіге Әкімгерден шипажайлық-курорттық емделудің басталуынан он күнтізбелік күннен кеш емес уақытта шипажайлық-курорттық

емделу картасын ұсынған жағдайда Жолдамасын алуға қажет.

Ескерту. 43-10-тармаққа өзгерту енгізілді - 2009.11.20 N 279/41-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

43-11. Әкімгердің бірінші басшысымен (немесе оның орынбасарымен) қол қойып және мөрмен бекітіліп берілген Жолдамада шипажайлық-курорттық емделуге құқылы тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі.

43-12. Жеткізушілер ай сайын шипажайлық-курорттық емделу аяқталғаннан кейін Әкімгерге шипажайлық-курорттық емделуден өткен азаматтардың тізімін ұ с ы н ы л а д ы .

Ескерту. 43-12-тармаққа өзгерту енгізілді - 2009.11.20 N 279/41-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

8-тарау. Астана қаласының жүріп-тұруы қиын мүгедектерін тасымалдау

Ескерту. 2-бөлім 8-тараумен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2010.04.21 № 345/46-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

43-13. Астана қаласының жүріп-тұруы қиын мүгедектерін, яғни арбамен жүретін мүгедектерді тасымалдау қызметтері Жеткізушінің мамандырылған көлігімен қала шегінде жүзеге асырылады.

43-14. Жеткізуші диспетчерлік қызметтің үздіксіз жұмыс істеуін, мамандырылған көліктің техникалық жарамдылығын, автомобильді «Мүгедектер таксиі» деген жазумен және диспетчерлік қызметтің телефондарымен, жол жүрудің қауіпсіз әрі ыңғайлы жағдайын және мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа сәйкес басқа да жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

43-15. Тасымалдау Жеткізушінің диспетчерлік қызметінің телефонына келіп түскен мүгедектердің өтініштеріне сәйкес тәулік бойы жүзеге асырылады.

Өтініште төмендегідей мәліметтер көрсетіледі:

- 1) мүгедектің аты - жөні;
- 2) мүгедектік тобы;
- 3) зейнеткерлік куәлігінің нөмірі;
- 4) тұратын мекен-жайы (шақыру кезінде тұрған мекен-жайы);
- 5) баратын жерінің мекен-жайы;
- 6) жеткізілетін уақыты;
- 7) ілестіріп жүретін тұлғаның қажеттілігі (қажет еместігі);
- 8) байланыс телефоны.

43-16. Тасымалдау қызметі бір мүгедекке жалпы жалғасымдығы күніне төрт сағаттан көп емес және бір реттік уақыты екі сағаттан көп емес мөлшерде

ұ с ы н ы л а д ы .

43-17. Егер мүгедекте ілестіріп жүретін тұлға болмаса, ол қызметті Жеткізуші қамтамасыз етеді.

43-18. Жол жүру аяқталғаннан кейін мүгедек жолаушы Жеткізуші ұсынған көрсетілген қызметтер тізіліміне тапсырыстың орындалуы туралы қолын қояды.

43-19. Жеткізуші ай сайын келесі айдың 5-не дейін Әкімшіге 43-15 тармақта көрсетілген мәліметтерді және қызмет көрсетудің жалғасымдығы туралы мәліметтерді қамтитын актілер мен көрсетілген қызметтер тізілімін ұсынады.

3 бөлім. Ақшалай төлемдер түріндегі Әлеуметтік көмек 1-тарау. Жалпы ережелер

44. Осы бөлім Әлеуметтік көмектің мына:

- 1) коммуналдық және басқа да қызметтерді төлеуге ақшалай төлемдер;
- 2) соғыс және еңбек ардагерлеріне ақшалай төлемдер;
- 3) мерекелік күндерге біржолғы ақшалай төлемдер;
- 4) Астана қаласының Құрметті азаматтарына ақшалай төлемдер;
- 5) Астана қаласының жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін жалпы білім беретін мектептер түлектеріне ақшалай төлемдер түрінде көрсету тәртібін анықтайды.

45. Ақшалай төлемдер түріндегі Әлеуметтік көмекті жүзеге асыру ақшалай қаражаттарды Астана қаласының екінші деңгейдегі банкілері бөлімшелеріндегі алушылардың дербес шоттары мен карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.

46. Астана қаласының екінші деңгейдегі банк бөлімшелері ақшалай төлемдер түріндегі Әлеуметтік көмектің төленген сомалары бойынша салыстыру актісін құрайды және оларды тоқсан сайын Әкімгерге ұсынады.

2-тарау. Коммуналдық және басқа да қызметтерді төлеуге Әлеуметтік көмек

47. Коммуналдық және басқа да қызметтерді төлеуге Әлеуметтік көмек:

- 1) тұрмысқа жайлы пәтерлерде тіркелген және тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне олардың таңдауы бойынша:
коммуналдық және басқа да қызметтер төлемдерінен босату түрінде;
ақшалай төлемдер түрінде;
- 2) салынған жеке тұрғын үйде тіркелген және тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне , сондай-ақ "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және

соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарымен мәртебесі анықталған жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға - ақшалай түрінде беріледі.

Тұрмысқа жайлы пәтерлерде тіркелген және тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық және басқа да қызметтерді төлеуге Әлеуметтік көмектің түрін таңдау бір рет беріледі, тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайда осы құқығы тағы да ұсынылады.

Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2008.07.09 N 116/18-IV (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Шешімімен.

§1. Коммуналдық және басқа да қызметтертөлемдерінен босату

48. Тұрмысқа жайлы пәтерлерде тіркелген және тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, сондай-ақ, Қағиданың 51, 52-тармақтарында айтылған жағдайда олардың отбасы мүшелері коммуналдық және басқа да қызметтер төлемдерінен босатылады.

Ескерту. 48-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2008.07.09 N 116/18-IV (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Шешімімен.

49. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, сондай-ақ, Қағиданың 51, 52-тармақтарында айтылған жағдайда олардың отбасы мүшелері қызмет берушілердің шығындарын өтеу арқылы мына коммуналдық және басқа да қызметтер төлемдерінен босатылады:

- 1) тұрғын үйді ұстау;
- 2) электр(жылу)газбен қамтамасыз ету;
- 3) суық және ыстық сумен қамтамасыз ету және кәріз;
- 4) қоқыс шығару;
- 5) лифтілерге қызмет көрсету;
- 6) телефонға абоненттік төлем;
- 7) жалпы үйлер мұқтаждарына электроэнергия.

Ескерту. 49-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

50. Ұсынылған коммуналдық және басқа да қызметтерге қызмет берушілердің шығындарын өтеуді Әкімгер Ұлы Отан соғысының қатысушысы мен мүгедегінің тіркелген мекен-жайы бойынша, тұрғын үйдің жеке меншік құқығына және оның пайдалы алаңына қарай жүргізеді.

51. Егер Ұлы Отан соғысының қатысушысы және/немесе мүгедегі оның жеке меншігіндегі тұрмысқа жайлы пәтерде тұрған жағдайда қызмет берушілердің шығындарын өтеп тұратын адамдар саны үшеу және тұрғын үйдің пайдалы алаңы 100 шаршы метрден аспайтын есебімен жүргізіледі.

52. Егер Ұлы Отан соғысының қатысушы және/немесе мүгедегі жеке меншік құқығына тиесілі емес пәтерде тұрған жағдайда, қызмет берушілердің шығындарын өтеу Қағиданың 54-тармағында көрсетілген тұтыну нормалардың шегінде және осы қызметтерге бекітілген тарифтер бойынша жүргізіледі.

Қызмет берушілердің шығындарын өтеу Ұлы Отан соғысының қатысушысы мен мүгедегінің жұбайы үшін да (зайыбы үшін), ондай адам болмаған жағдайда - бірге тұратын және оған күтім жасайтын тұлға үшін жүргізіледі.

53. Қызмет берушілердің шығындарын өтеу нақтылы тұтынылған коммуналдық және басқа да қызметтер үшін есепке алу құралдарының көрсеткіштеріне, олар болмаған жағдайда - тұтыну нормаларына сәйкес жүргізіледі.

54. Қызмет берушілердің шығындарын өтеу кезінде бір адамға мынадай тұтыну нормалары пайдаланылады (тұрғын үйді ұстау қызметінен басқа):

1) тұрғын үйді ұстауға - кондиминимум объектісіндегі қолданыстағы тарифке с ә й к е с ;

2) электр қуаты - 100 кВт, бірақ пәтерге 200 кВт астам емес;

3) жылумен жабдықтау - тұрғын үйдің 18 шаршы метрі (Қағиданың 51-тармағында көрсетілген нормалардан басқа);

4) газбен жабдықтау - 3 куб метр;

5) суық сумен қамтамасыз ету және кәріз - 7,6 куб метр;

6) ыстық сумен қамтамасыз ету - 3,2 куб метр;

7) қоқыс шығару, лифтілерге қызмет көрсету, телефонға абоненттік төлем жалпы үйлер мұқтаждарына электроэнергия - қызмет берушілердің бекітілген тарифтеріне с ә й к е с .

Тұрғын үй газбен жабдықталмаған, ал электр қуатын тамақ дайындау үшін қолданылатыны жөнінде құжат болғанда газбен жабдықтау жөнінде төмендегі нормативтері шегінде - 200 кВт адамға газға төленетін төлем есебіне электр қуатына белгіленген шамадан жоғары төлейді, бірақ 400 кВт үйге астам емес.

Ескерту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2008.07.09 N 116/18-IV (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді); 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

55. Әкімгер қажеттілік болғанда есепке алу құралдарының көрсеткіштерін қызмет берушілер ұсынған төлемге есептелген сомалар тізілімдерімен салыстыруды жүргізеді.

м ө л ш е р і н д е ;

4) 81 шаршы метрден және одан жоғары - сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

61. Коммуналдық және өзге де қызметтерді төлеуге ақшалай төлем түрінде:

1) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне ай сайын 4,4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарында мәртебесі берілген Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдер бойынша теңестірілген адамдарға ай сайын 2,4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде Әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген Әлеуметтік көмек 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап көрсетіледі.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2008.01.30. N 50/8-IV (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Шешімімен.

61-1. Коммуналдық қызметтерді төлеуге Әлеуметтік көмекке құқығы бар бірнеше адамдар бір тұрғылықты мекен-жайы бойынша тіркелген жағдайда Әлеуметтік көмек тек қана біреуіне беріледі.

Ескерту. 61-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2008.07.09 N 116/18-IV (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Шешімімен.

3-тарау. Соғыс және еңбек ардагерлеріне ақшалай төлемдер

62. Соғыс және еңбек ардагерлеріне ақшалай төлемдер мынадай мөлшерлерде жүзеге асырылады:

1) соғыс және еңбек ардагерлеріне - жылына 3000 (үш мың) теңгеден артық е м е с ;

2) еңбегі сінген соғыс және еңбек ардагерлеріне 70, 75, 80, 85, 90 жылдық мерейтойларына - 1000 (бір мың) теңгеден;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерекелік күндерге үнемі жұмыс істейтін комиссия мүшелеріне - 3000 (үш мың) теңгеден а с п а й т ы н ;

4) **алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.**

Ескерту. 62-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының

2008.01.30. N 50/8-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз);
2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Шешімдерімен.

63. Қағиданың 62-тармағында көрсетілген санаттарға жататын ақшалай төлемдер алуға үміткер еңбек және соғыс ардагерлері тиісті өтінішпен Қалалық ардагерлер кеңесіне хабарласады.

64. Әкімгер Қалалық ардагерлер кеңесі ай сайын ұсынған төраға мен хатшының қолы және мөрімен расталған азаматтардың өтініштері мен тізімдерінің негізінде соғыс және еңбек ардагерлеріне ақшалай төлемдер алушыларының тізімін қалыптастырып, оларды МЗТО деректер базасымен салыстырады.

65. Алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

4-тарау. Мерекелік күндерге біржолғы ақшалай төлемдер

66. Мерекелік күндерге біржолғы ақшалай төлемдер азаматтардың мына санаттарына :

1) 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне - көпбалалы аналарға - 3000 (үш мың) теңгеден ;

2) Жеңіс күніне - мына санат бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алатындар :

Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен мүгедектері, неміс тұтқындары, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері - 10000 (он мың) теңгеден;

мәртебесі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарында белгіленген жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша қатысушылар мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар - 4000 (төрт мың) теңгеден;

3) Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне - саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар санаты бойынша арнаулы мемлекеттік

жәрдемақы алушыларға - 2000 (екі мың) теңгеден;

4) Балаларды қорғау күніне - он сегіз жасқа толмаған мүгедек балаларға - 2000 (екі мың) теңгеден;

5) Қарттар күніне - 70-ке және одан асқан жастағы зейнеткерлерге - 1500 (бір мың бес жүз) теңгеден;

6) Мүгедектер күніне - мүгедектер санаты бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алатындарға - 1500 (бір мың бес жүз) теңгеден беріледі.

Ескерту. 66-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.01.29 N 187/30-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

67. Әкімгер МЗТО деректер базасының негізінде Қағиданың 66-тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтардың тізімін қалыптастырады.

5-тарау. Астана қаласының Құрметті азаматтарына ақшалай төлемдер

68. "Астана қаласының құрметті азаматы" атағына ие болған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және тұтынылған коммуналдық қызметтер құнына өтемақы ретінде ақшалай төлемдер беріледі (отбасы мүшелерін есепке алмай).

69. Астана қаласы мәслихатының Құрметті азаматтар тізімінің негізінде Әкімгер ай сайын төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай төлемдерді жүргізеді.

6-тарау. Астана қаласының жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін жалпы білім беретін мектептер түлектеріне ақшалай төлемдер 1. Жалпы ережелер

70. Астана қаласының жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін жалпы білім беретін мектептер түлектеріне ақшалай төлемдер (бұдан әрі - оқуға Ақшалай төлем) жалпы білім беретін мектептер түлектерінің тұлдыр жетімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, бала жасынан мүгедектер, көпбалалы отбасы балалары, балалар үйлерінің түлектері санынан Астана қаласының жоғары оқу орындарында оқудың күндізгі түрінің оқу ақысын төлеу үшін тағайындалады және қаланың тиісті жоғары оқу орнында оқудың нақты құны мөлшерінде және тиісті қаржы жылына қала бюджетінде осы мақсаттарға қарастырылған қаражаттар шегінде беріледі.

Ескерту. 70-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

71. Оқуға Ақшалай төлемдер есебінен оқытылатын мамандықтар тізбесі қаланың еңбек нарығында сұраныс құрылымына қарай жыл сайын комиссиямен анықталады.

\$2. Оқуға Ақшалай төлемдер алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі

72. Оқуға Ақшалай төлем алуға үміткерлер Әкімгерге мынадай құжаттарды (түпнұсқада және көшірмеде) ұсынады:

- 1) Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) жеке куәлігі (төлқұжат);
- 3) азаматтарды тіркеу кітабы;
- 4) ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлігі (тұлдыр жетімдерге);
- 5) мүгедектікті растайтын құжат (бала жасынан мүгедектерге);
- 6) көп балалы отбасы мәртебесін растайтын құжат (көп балалы отбасының балалары үшін);
- 7) туу туралы куәлік (тұлдыр жетімдерге);
- 8) ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы әзірлеген технология бойынша өткізілетін кешенді тестілеудің (бұдан әрі - тестілеу) нәтижесі бойынша берілген мемлекеттік сертификаты.

Ескерту. 72-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

73. Әкімгер Ақшалай төлемдер алуға үміткерлерден құжаттар қабылдауды Комиссия отырысына дейін 2 күн бұрын аяқтайды.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

\$3. Оқуға Ақшалай төлемдерді тағайындау тәртібі

74. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі жыл сайын бірінші мамырға дейін ағымдағы жылдың Қағиданың 8-тармағы б)-9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар санына жататын қаланың жалпы білім беретін мектептер түлектерінің тізімін Әкімгерге ұсынады.

75. Әкімгер жалпы білім беретін мектептер түлектерінің ұсынылған тізімдеріне сәйкес үміткерлерден оқуға Ақшалай төлемдер алуға құжаттар қабылдауды жүргізеді және қойылатын талаптарға сәйкестігін қарастырып одан әрі комиссияға ұсыну үшін істерді қалыптастырады.

76. Оқуға Ақшалай төлемдер алуға үміткерлерді іріктеу тестілеу кезінде ең жоғары алған балл саны бойынша төмендегі санаттар ішінен жүргізіледі:

- 1) тұлдыр жетімдер;
- 2) балалар үйінің түлектері;
- 3) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 4) бала жасынан мүгедектер;
- 5) көп балалы отбасы балалары.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

76-1. Іріктеу санаттың 76-тармағында көрсетілген шегінде біртіндеп келтірілген жағдайда жүргізіледі, әрі ағымдағы жылы осы мақсаттарға бөлінген бюджеттік қаражат шегінде оқуға ақшалай төлемдер санатының біреуін толық қамтамасыз ету келесінің іріктеуін алып тастайды.

Ескерту. 76-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

76-2. Іріктеу жүргізілген кезде әр санаттар шегінде Комиссия бірінші кезекті тәртіпте тестілеу кезінде қажетті ең төменгі баллдан кем алған толық емес отбасы түлектерін оқуға Ақшалай төлемдермен қамтамасыз етуге құқығы бар.

Ескерту. 76-2-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

77. Тестілеу кезінде қажетті ең төменгі баллдан кем алған жалпы білім беретін мектептер түлектеріне оқуға Ақшалай төлем тағайындалмайды.

Ескерту. 77-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

78. Комиссия жыл сайын 25 тамызға дейін оқуға Ақшалай төлемдер алуға үміткерлердің құжаттарын қарастырады және шешім шығарады.

79. Әкімгер Комиссия шешімінің негізінде қаланың жоғарғы оқу орындарымен және оқуға Ақшалай төлемдер алушыларымен білім беру қызметтерін көрсетуге шарттар жасасады (бұдан әрі - Шарт).

80. Әкімгер Шартқа қол қойғаннан кейін оқуға Ақшалай төлем алушының дербес есеп шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен алғашқы оқу жылына төлемақы жүргізеді.

81. Оқуға Ақшалай төлем алушы ақшалай қаражат түскеннен кейін 3 банктік күн ішінде оқу ақысын төлейді және Әкімгерге төлем туралы түбіртекті ұсынады.

Әкімгердің келісімімен оқуға Ақшалай төлем алушының есеп шотынан ақша алынады.

82. Келесі оқу жылдарына оқуға Ақшалай төлемді төлеу жыл сайын оқу жылының басында жүргізіледі.

§4. Оқу өту тәртібі

83. Әкімгер жоғарғы оқу орнымен бірігіп, оқуға Ақшалай төлем алушының оқуға кірген кезінен бастап оның оқуын бақылауды жүзеге асырады.

84. Жоғарғы оқу орнының әкімшілігі үлгерімі төмен болғаны, себепсіз үнемі оқуға қатыспағаны немесе оқуға Ақшалай төлем есептеу және/немесе тоқтату үшін негіз болып табылатын оқу орнының Жарғысына сәйкес басқа да оқу тәртібін бұзған жағдайда Әкімгерді уақтылы хабардар етуге міндетті.

Егер оқуға Ақшалай төлем алушы оқудан шығарылса жоғарғы оқу орны бес күн ішінде оқудан шығарылғандығы туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынуымен
Әкімгерді хабардар етеді.

Ескерту. 84-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

85. Комиссия жоғарғы оқу орны әкімшілігінің ұсынысы бойынша оқудан шығарылған оқуға Ақшалай төлем алушының орнына Қағиданың 8-тармағы б)–9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар ішінен бейінді мамандық бойынша осындай жоғарғы оқу орнының басқа студентімен ауыстыруға құқығы бар.

Бейінді мамандық шегінде ауыстыру үшін үміткер болмаған жағдайда, жоғарғы оқу орнының әкімшілігі басқа мамандық бойынша студентті ұсынуы мүмкін, егер осындай мүмкіндік болмаған жағдайда Әкімгер осы тәртіпте қаланың басқа жоғарғы оқу орындарынан ауыстыру үшін үміткерлерді
сұрастыруға құқығы бар.

Оқудан шығарылған студенттің орнын ауыстыру туралы ұсыныс болмаған жағдайда, жоғарғы оқу орны оқу шығындарын шегеру есебімен Астана қаласы бюджетінің кірісіне төленген қаражаттарды қайтаруды жүргізеді.

Ескерту. 85-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

86. Оқуға Ақшалай төлем алушы жоғарғы оқу орнынан шығарылған жағдайда оқуға төленген сомалары өндірілмейді.

87. Денсаулығына байланысты академиялық демалысқа шыққан Ақшалай төлем алушы оқуға қайтадан оралғаннан кейін одан әрі оқуға Ақшалай төлем алуы мүмкін.

88. Жоғарғы оқу орнын бітірген соң және тиісті үлгідегі дипломды алғаннан кейін ол туралы оқуға Ақшалай төлем алушы он күн мерзім ішінде Әкімгерді хабардар етеді.

4-бөлім. Қалалық бағыттағы жолаушылар көлігінде жол ақысын төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек

89. Қалалық бағыттағы жолаушылар көлігінде жол ақысын төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға;

2) жасы келген және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлерге;

3) мүгедектер мен он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға;

4) көп балалы аналарға беріледі.

90. Әкімгер:

1) МЗТО деректер базасына сәйкес Ереженің 89-тармағында көрсетілген азаматтарға жеке куәлікті және тегін жол жүру билетін пайдалану құқығы расталған куәлік көрсеткен кезде "Астана қаласының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) дайындаған белгіленген үлгідегі жеңілдікті жол жүру билеттерін беруді жүргізеді;

2) Басқарма ұсынған атқарылған жұмыстардың актілері негізінде тасымалдаушылар арасында бюджеттік қаражаттарды бөлуді және көрсетілген азаматтардың санаттарына жол жүруге тасымалдаушылардың шығын өтемақысын қамтамасыз етеді.

91. Ереженің 89-тармағында көрсетілген, қалалық бағыттағы жолаушылар көлігінде жол ақысын төлеуден босату үшін азаматтардың жеңілдікті санаттарына жататынын растайтын және куәлігінің түпнұсқасы мен белгіленген үлгідегі жеңілдікті жол жүру билеттері негіздеме болып табылады.

92. Әкімгер азаматтардың өтініштері бойынша (алғашқы бұрынғы алған немесе жеңілдікті жол жүру билеттерін ауыстырған кезден бастап жыл екі ай

кезеңі болып есептеледі) жеңілдікті жол жүру билеттерін қайтадан беруді бүлдіргендігі, жоғалғандығы және ұрланғандығы туралы құжатпен расталғанда ("іздеу салу үстелінің" анықтамасы, мерзімдік басылымдағы ұрланған (жоғалған) жеңілдікті жол жүру билетінің жарамсыз деп танылғаны туралы хабарландыру, ұрлау айғағы бойынша ішкі істер органдарына өтінішті растау) жылына бір рет жүргізеді.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

93. Алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 248/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

Ескерту. 4-бөліммен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 197/31-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы 16/4-IV шешімімен бекітілген Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидасына қосымша

Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына

_____ (а т ы - ж ө н і)

_____ мекен-жайы бойынша тұратын

_____ телефон _____ (бар болса)

Өтініш

Сізден _____ (ж о о - н ы ң а т а у ы)

_____ факультеті _____ мамандығы бойынша _____ ретінде оқу ақысын төлеу (м ә р т е б е с і)

үшін әлеуметтік төлем тағайындауды сұраймын.

Мынадай құжаттарды қоса ұсынамын:

1. _____
2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

Күні _____

Қолы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК